

УТВЕРЖДЕНЫ

решением Совета директоров

Акционерного общества

«Страховая компания «Евразия»

Протокол от «08» апреля 2024 года



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**ПРАВИЛА ВМЕНЕННОГО
СТРАХОВАНИЯ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ПОСТАВЩИКА**

Разработчик	Дата	Подпись
Джангуреев Н.А., Заместитель Председателя Правления	08.04.2024	
Отдел разработки и сопровождения страховых продуктов		
Кошман А.О., Начальник Отдела разработки и развития страховых продуктов	08.04.2024	
Согласующие подразделения		
Тульбаев Н.Ш., Заместитель Председателя Правления	08.04.2024	
Славкин Ю.В., Исполнительный директор	08.04.2024	
Департамент перестрахования и андеррайтинга		
Портной В.В., Директор Департамента перестрахования и андеррайтинга	08.04.2024	
Юридический Департамент		
Мухтарова Г.М., Исполнительный директор по юридическим вопросам - Директор юридического Департамента	08.04.2024	
Департамент риск-менеджмента		
Бекетов Т.Н., Директор Департамента риск-менеджмента	08.04.2024	
Комплаенс контролер		
Абдуллаева А., COMPLIANCE контролер	08.04.2024	

Алматы 2024

Алматы 2024

Осы Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру ережелерін (бұдан әрі - Сақтандыру ережелері/Ережелер) «Евразия» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде бір жақты тәртіппен әзірлеген және өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын жасау және орындау тәртібін айқындайды.

Осы ережелер сақтандырушының құқық қабілеттілігін шектемейді. Тараптардың осындай шарт бойынша міндеттемелерін айқындайтын азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың нақты шартының шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен айқындалады.

МАЗМҰНЫ

[1-бап. Глоссарий](#)

[2-бап. Жалпы ережелер](#)

[3-бап. Сақтандыру объектілерінің тізбесі](#)

[4-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі](#)

[5-бап. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу](#)

[6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі](#)

[7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы](#)

[8-бап. Сақтандыру шартын жасау тәртібі](#)

[9-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны](#)

[10-бап. Қосарланған сақтандыру](#)

[11-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері](#)

[12-бап. Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеттері](#)

[13-бап. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығындар мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі](#)

[14-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары. Шығындар мөлшерін және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі.](#)

[15-бап. Сақтанушының шығындарды өтеу құқығының Сақтандырушыға ауысуы \(суброгация\)](#)

[16-бап. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары](#)

[17-бап. Қосымша шарттар](#)

[18-бап. Дауларды шешу тәртібі](#)

[19-бап. Қорытынды ережелер](#)

1-бап. ГЛОССАРИЙ

1) Страховщик – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде пайдасына осы Шарт жасалған тұлғаға (Пайда алушы) осы Шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;

2) Пайда алушы – осы Шартқа сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға («Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 27) тармақшасына сәйкес тапсырыс беруші);

3) Тапсырыс берушілер - «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 27) тармақшасына сәйкес дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

4) Сақтанушы – Сақтандырушымен осы Шартты жасасқан тұлға («Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 24) тармақшасына сәйкес өнім беруші);

5) Өнім беруші – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, онымен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартта тапсырыс берушінің контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға тапсырыс берушілер осындай жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді сатып алған жағдайда өнім беруші бола алады;

6) КЖ және ТҚ - қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру;

7) Сақтандыру жағдайы – басталу ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілеріне ие, оның басталуымен Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайтын Сақтандыру шартында көзделген оқиға;

8) Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді;

9) Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартымен белгіленеді және Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру шартымен айқындалған сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасын білдіреді;

10) Сақтандыру төлемі – сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру сомасының шегінде төлейтін ақша сомасы.

11) Электрондық әмиян – мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің операцияларын көрсету үшін пайдаланатын, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған өзінің банктік шотына ақша енгізуі кезінде қолданылатын әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің дербес шоты, мыналармен байланысты:

- конкурсқа, аукционға және баға ұсыныстарын сұратуға қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етумен;
- мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етумен;
- авансты қамтамасыз етумен (егер мемлекеттік сатып алу туралы шартта аванс көзделген жағдайда);
- Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізумен (бар болса);

12) Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор - мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган айқындаған, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалғыз меншік иесі мемлекет болып табылатын заңды тұлға;

13) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 3 ақпандағы № 206 бұйрығымен бекітілген Үлгілік сақтандыру шарты – Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шарты;

14) Қосарланған сақтандыру - әрқайсысымен дербес шарттар бойынша бірнеше Сақтандырушыларда бір объектіні сақтандыру.

2-бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереженің шарттарында, «Евразия»Сақтандыру компаниясы» АҚ, бұдан әрі Сақтандырушы деп аталады, сақтандыруға Тапсырыс берушінің мүлдіктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша жауапкершілік тәуекелі қабылданатын Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын (бұдан әрі - Шарт/Сақтандыру шарты) жасайды.
2. Сақтандыру шарттары жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) және заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан), бұдан әрі Тапсырыс берушімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін Сақтанушы (өнім беруші) деп аталатын тұлғалармен жасалады.

3-бап. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

1. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау нәтижесінде тапсырыс берушіге келтірілген мүлдіктік зиянды өтеу міндетіне байланысты өнім берушінің мүлдіктік мүддесі мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету және авансты қамтамасыз ету мақсаттары үшін сақтандыру шартының объектісі болып табылады.
2. Құқыққа қарсы мүдделер (әрекеттер) сақтандыруға жатпайды.

4-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

1. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау нәтижесінде тапсырыс берушінің мүлдіктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету және авансты қамтамасыз ету мақсаттары үшін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады.
2. Сақтандыру жағдайын қасақана жасау, сондай-ақ сақтандыру төлемін заңсыз алуға бағытталған өзге де алаяқтық әрекеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

5-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ЕРЕКШЕЛІК ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

1. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, төмендегілердің салдарынан туындаған азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің басталуы сақтандыру жағдайы болып табылмайды:
 - 1) соғыс; басып кіру; шет мемлекеттің дұшпандық іс-әрекеттері; әскери немесе оларға ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
 - 2) бүлік; ереуілдер; локауттар; халық көтерілісіне дейін көлемге ие болатын немесе өсетін азаматтық тәртіпсіздіктер; бүлік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; төңкеріс; билікті әскери басып алу немесе басып алу; тәркілеу; мүлдікті реквизициялау немесе мемлекет иелігіне алу; террористік акциялар;¹
 - 3) радиоактивті сәулелену немесе радиоактивті отынмен немесе атом отынын жағудан болған радиоактивті қалдықтармен ластану;

¹ «Террористік акция» - терроризм мақсаттарына қол жеткізуге және террористік сипаттағы өзге де қылмыстар жасауға бағытталған әрекеттердің жиынтығы.

- 4) Сақтандырылушының (Пайда алушының) алкогольдік, уыттылық немесе есірткілік мас болу күйінде жасаған іс-әрекеттері;
 - 5) дүлей зілзалалар - жер сілкінісі, найзағайдың түсуі, су тасқыны, сел, дауыл, боран, опырылу, көшкін, тасқын;
 - 6) Сақтанушының төлем қабілетсіздігі немесе банкроттығы;
 - 7) Сақтанушының немесе Сақтандырылушының қасақана іс-әрекеттері;
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтанушының (Сақтандырылушының) келтірілген зиян үшін жауапкершілігін жоққа шығаратын мән-жайлар.
- 2. Сақтандырушыға олар аяқталғанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асырмауға құқық беретін мән-жайлар:**
- 1) сақтандыру оқиғасына қатысты қылмыстық және/немесе әкімшілік тергеу,
 - 2) кінәлі тұлғаларды анықтау және оларға қатысты тиісті іс жүргізу шешімін шығару рәсімі
 - 3) сақтандыру оқиғасына байланысты оқиғалар мен мән-жайлар бойынша сақтандырылушы, сақтанушы, пайда алушы мен сақтандырушы арасында да, кез келген өзге де тұлғалар арасында да аяқталмаған сот талқылауларының болуы;
 - 4) Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған, сондай-ақ ЖҚЖҚТҚ тізбесіне енгізілген терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде болуы;
 - 5) Сақтанушының/Сақтандырылушының тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы; ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болғанда;
 - 6) Сақтанушының тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - 7) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болғанда.
- 3. Сақтандырушы төмендегілерді өтемейді және Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға негіз ретінде мыналар да бола алады:**
- 1) Шарт күшіне енген кезеңде сақтандыру жағдайының басталуы;
 - 2) Сақтанушының/Сақтандырылушының қызметкерлеріне зиян келтіру нәтижесіндегі залалдар;
 - 3) сақтандырудың міндетті түрлерімен өтелетін залалдар;
 - 4) Сақтанушының/Сақтандырылушының банкроттығынан туындаған залалдар;
 - 5) Сақтанушының еркіне байланысты емес себептермен немесе дәлелді себептермен негізделген және Сақтанушы осы фактіні растайтын құжаттарды ұсынған жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақытылы хабардар етпеу;
 - 6) Сақтандыру ережесінде көрсетілген, сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен себептерін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынбау (не толық көлемде ұсынбау);
 - 7) зиян келтіруге Пайда алушы кінәлі болып табылса;
 - 8) қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияны/Сақтанушының/Сақтандырылушының рұқсатын тоқтата тұру, қайтарып алу немесе тоқтату кезеңінде сақтандыру жағдайының басталуы;
 - 9) сақтандыру жағдайы туралы құзыретті органдардың қорытындысының болмауы;
 - 10) Сақтанушының Шартта белгіленген мерзімде сақтандыру сыйлықақысын немесе оның кезекті бөлігін төлемей;
 - 11) Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттерін орындамауы;
 - 12) Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға беруден бас тартуы
- талап ету құқығының сақтандырушыға ауысуы үшін қажетті құжаттар;

13) нәтижесінде Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығын жүзеге асыруы мүмкін болмаған Сақтанушының/Пайда алушының/Сақтандырылушының іс-әрекеті (әрекетсіздігі).

4. Сондай-ақ, Сақтандыру шарты бойынша өтелмейді:

1) сақтандыру жағдайына және оны уәкілетті органдарда дәлелдеуге байланысты істерді жүргізуге арналған шығыстар (ксерокөшірмелерге, нотариалды куәландыруға, сараптамаға, адвокаттың, өкілдің, аудармашының қызметтеріне ақы төлеуге және т.б. арналған шығыстар);

2) Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан тыс келтірілген зиян;

3) сараптама Сақтандырушының жазбаша ұсынымы бойынша жүргізілген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін белгілеу мақсатында сараптама жүргізуге арналған шығыстар;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.

5. Сақтандыру шарты кез келген жағдайда кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені, бағдарламалық жасақтаманы, кодты, вирусты немесе процесті немесе кез келген өзге де электрондық жүйені қасақана пайдаланудан немесе қолданудан (зиян келтіру құралы ретінде) тікелей немесе жанама туындаған, туындатқан немесе туындайтын шығындарды, залалды, жауапкершілікті немесе шығыстарды өтемейді.

6. Сақтандыру шарты кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені немесе бағдарламалық жасақтаманы немесе кез келген қаруды немесе снарядты ұшыру және/немесе бағыттау жүйесіндегі өзге де электрондық жүйені және/немесе ұшыру тетігін пайдалану нәтижесінде туындайтын залалдарды өтемейді.

7. Өнім берушінің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда тұтастай не электрондық әмияндағы ақша бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимылдар жасауына жол берілмейді.

8. Бірыңғай оператордың өнім беруші енгізген электрондық әмияндағы ақшаны Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген мақсаттарға пайдалануына жол берілмейді.

6-бап. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

1. Сақтандыру сомасы мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру шартымен белгіленеді және ол тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша мемлекеттік сатып алу шарттарының жалпы сомасының кемінде үш пайызынан кем болмауы тиіс немесе алдын ала төлемді қамтамасыз ету сомасы алдын ала төлемге тең мөлшерде белгіленеді (егер мемлекеттік сатып алу шартында алдын ала төлем көзделген болса).

7-бап. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ

1. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартында белгіленеді және Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасын білдіреді. Сақтандырушы сақтанушыдан алған сақтандыру сыйлықақылары оған меншік құқығында тиесілі болады.

2. Сақтандырушы төленуге тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына қарай айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне жоғарылату және төмендету коэффициенттерін пайдалануға құқылы.

3. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы Сақтандыру шартында көрсетілген Сақтандырушының банктік шотына ақша аудару жолымен қолма-қол ақшасыз төлеуге тиіс.

4. Сақтанушы Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген жағдайда Сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысын

(сақтандыру жарнасын) төлемеген күннен бастап Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар.

5. Егер сақтандыру жағдайы енгізу мерзімі өткен белгілі бір сақтандыру жарнасын (сақтандыру сыйлықақысын) төлегенге дейін болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйлықақысының) сомасын есепке алуға құқылы.

6. Егер Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының кезекті бөлігін төлемеуіне байланысты Шарттың бұзылуы салдарынан оның қолданылуы тоқтатылған болса, сақтандыру шарты қайта жаңартылуы мүмкін. Бұл ретте Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ұзартылмайды. Сақтандырушы ол бұзылған сәттен бастап ол қайта басталған сәтке дейінгі кезеңде Сақтандыру шарты бойынша жауапты болмайды және осы кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

7. Сақтандыру шартында тараптар Сақтанушының сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалды өтеуге өзінің қатысуы - шар қойылмайтын немесе шарт қойылатын франшизаны көздей алады. Франшиза сақтандыру сомасынан пайызбен де, абсолюттік мәнде тіркелген сома түрінде де белгіленуі мүмкін.

8. Франшиза мөлшері Сақтандыру шартында белгіленеді:

1) шарт қойылмайтын франшиза кезінде франшиза сомасынан аз немесе тең залал өтелмейді, ал франшизаның белгіленген сомасынан артық залал залалдың толық сомасы мен франшиза сомасы арасындағы айырма мөлшерінде өтеледі;

2) шарт қойылатын франшиза кезінде франшизаның белгіленген сомасынан аз немесе оған тең залал өтелмейді, ал франшизаның белгіленген сомасынан артық залал залалдың толық сомасы мөлшерінде өтеледі.

9. Тараптар Сақтандыру шартында франшиза туралы шартты көздемеуі мүмкін.

8-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

1. Сақтанушының жазбаша өтініш-сауалнамасы негізінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету және авансты қамтамасыз ету мақсатында үлгілік сақтандыру шартына сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

2. Өтініш-сауалнама Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін шығындардың мөлшерін анықтау үшін елеулі мәні бар Сақтанушыға белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.

4. Сақтандырушы өтініш-сауалнаманың нысанын және сұратылған мәліметтерін өзгертуге, сондай-ақ «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды сұратуға құқылы.

5. Сақтанушы сондай-ақ сақтандыру тәуекелін айқындау мақсатында Сақтандырушы қойған өзге де сұрақтарға жауап беруге міндетті.

6. Ұсынылған ақпараттың дұрыстығы үшін Сақтанушы жауапты болады.

7. Егер Сақтандыру шарты Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына Сақтанушының жауаптары болмаған кезде жасалған болса, соңғысы кейіннен Сақтанушының тиісті мән-жайларды хабарламауы негізінде Сақтандыру шартын бұзуды не оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

8. Егер Сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер бергені анықталса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

9. Өтініш-сауалнамада көрсетілуге тиіс мәліметтер мен мән-жайлардың толық еместігі үшін Сақтанушы жауапты болады. Жекелеген шарттарының толық болмауы салдарынан өтініш-

сауалнамада көрсетілген мазмұн бойынша дау туындаған жағдайда, дау Сақтандырушының пайдасына шешіледі.

10. Өнім беруші азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын электрондық құжат нысанында не қағаз нұсқада ұсынады. Әлеуетті өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) оның электрондық көшірмесін веб-порталда орналастыра отырып, қағаз нұсқада ұсынған кезде түпнұсқа шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) ұсынудың соңғы мерзіміне дейін тапсырыс берушіге ұсынылады.

11. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Сақтандыру шартының телнұсқасын береді, содан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді. Сақтандыру полисінің бланкісін дайындауға және оның телнұсқасын ресімдеуге арналған шығыстарды Сақтанушы (Сақтандырылушы) өтейді, бұл ретте өтелетін шығыстардың жалпы сомасы өтініш берілген күнге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,1 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

12. Шарттың талаптарын өзгерту сақтанушы мен сақтандырушының өзара келісімі бойынша пайда алушының жазбаша келісімімен тараптардың бірінің өтініші негізінде екінші тараптың өтінішті алған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде пайда алушының келісімімен қоса жүргізіледі және тараптардың шартқа қосымша келісімімен ресімделеді.

9-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

1. Шарт Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады және өнім беруші тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған кезге дейін, атап айтқанда мемлекеттік сатып алу туралы шарт аяқталған күнге дейін қолданылады.

2. Шарт бір қаржы жылы мерзіміне жасалады.

3. Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.

4. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) тек қана Қазақстан Республикасының аумағына қолданылады.

10-бап. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ

1. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының) алдында онымен жасалған Сақтандыру шарты шегінде мүліктік жауапкершілікте болады, алайда Пайда алушының барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауға тиіс.

2. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қосарлы сақтандыру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру төлемі мәселесін өзге сақтандыру компанияларында реттеуге қатысты барлық мәліметтерді, оның ішінде өзге сақтандыру компанияларынан алынған сақтандыру төлемінің мөлшері туралы мәліметтерді беруге міндетті.

3. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын анықтауға, басқа сақтандыру компанияларымен бірлесіп сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін айқындауға құқылы.

11-бап. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушы құқылы:

1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарты бойынша Сақтандыру ережелерін, сақтандыру шарттарын, өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) Сақтандыру шартының телнұсқасын жоғалтқан жағдайда, оны алуға;

3) Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға.

2. Сақтанушы міндетті:

1) Шартты жасасқан кезде Сақтандырушыға ұсынылған мәліметтерді растайтын қажетті мәліметтер мен құжаттардың ұсынуға (Сақтандырушының талабы бойынша);

2) Шартты жасасқан кезде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін оған белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;

3) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

4) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының жай-күйі туралы дереу хабарлап, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының артуы туралы хабарлауға;

5) сақтандыру жағдайының басталған мән-жайларының тергеуін қамтамасыз етуге;

6) сақтандыру жағдайының себептерін, барысын және салдарларын анықтау шараларын, сондай-ақ сақтандыру жағдайынан туындаған шығындарды азайту шараларын қолдануға;

7) Сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы бойынша қолда бар ақпаратты хабарлауға және қажетті көмек көрсетуге;

8) Сақтандырушыға оның талабы бойынша Сақтанушының сотқа дейінгі немесе сот тәртібінде үшінші тұлғалармен дауларды реттеу кезіндегі өкілеттігін ұсынуға;

9) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;

10) сақтандыру жағдайы басталған кезде 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Ережелердің 16-бабында көрсетілген құжаттарды Сақтандырушыға табыс етуге;

11) Сақтандырушыға ол жүзеге асырған сақтандыру төлемін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оны жүзеге асырған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде толық көлемде өтеуге міндетті. Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға байланысты сақтандыру төлемінің сомасын және шығыстарды уақтылы өтемеген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға әрбір кешіктірілген күн үшін өтелуге жататын сомадан 0,5% мөлшерінде тұрақсыздық (жазбаша түрде) айыбын төлеуге міндетті.

12) Шартты жасасқан кезде және оның қолданылу мерзімі ішінде Сақтандырушыны өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың барлық қолданыстағы немесе жасалған шарттары туралы хабардар етуге;

13) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес Сақтандырушының сұрау салуы бойынша тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынуға.

3. Сақтандырушы құқылы:

1) Сақтанушы ұсынған мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының осы Шарттың талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;

2) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын, және ықтимал залалдың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшері мен сақтандыру тәуекелінің бағасын айқындау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді алуға;

3) осы Шартпен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын алуға;

4) сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарлама мен оның құжаттамалық дәлелдерін алуға;

5) сотқа дейін немесе сот тәртібінде үшінші тұлғалармен дауларды реттеу кезіндегі Сақтанушының өкілеттігін алған кезінде Сақтанушы атынан сот органдарында сөз сөйлеуге;

6) Шарттың талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйақысын төлеуді талап етуге;

- 7) сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтанушыға қойылатын талап ету мөлшерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте даулауға;
- 8) сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін осы баптың 2-тармағының 11) тармақшасында және осы Ереженің 15-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайларда Сақтанушыға, не сақтандыру жағдайының басталуына жауапты өзге тұлғаға кері талап қою құқығын ұсыну;
- 9) сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін тиісті мемлекеттік органдардан және ұйымдардан, олардың құзыретіне қарай, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Пайда алушыға келтірілген залал мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 10) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды сұратуға;
- 11) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған, сондай-ақ ЖҚЖҚТҚ тізбесіне енгізілген терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің болуы;
 - Сақтанушының/Сақтандырылушының тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты бермеуі;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.

4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Шарт бойынша Сақтанушыны сақтандыру қағидаларымен, сақтандыру шарттарымен, оның құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;
- 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтінішін уақтылы қабылдауға;

3) Сақтанушы тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Сақтанушы тарапынан жүгініске және сақтандыру жағдайының басталуын растайтын құжаттардың ұсынылуына не ұсынылмауына қарамастан хабарлама және осы Ережелердің 13-бабында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру жолымен Пайда алушының тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) сақтандыру сомасын төлеу туралы талабын орындауға;

4) сақтандырудың құпиясын қамтамасыз етуге;

5) Сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезіндегі шығындарды азайту үшін жүргізілген шығыстарды өтеуге;

6) Сақтанушы не оның өкілі барлық қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, дереу, бірақ 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей оларды жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етеді.

7) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:

- Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар мен ұйымдар тізімінде (бұдан әрі – ҚМА тізімі) болуы, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруларын таратуды қаржыландыруға байланысты тұлғалармен байланысы болуы (бұдан әрі мәтінде – ЖҚЖҚТҚ тізімі);
- Сақтанушының/Сақтандырылушының тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;
- ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.

5. Пайда алушы Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін алуға құқылы.

6. Пайда алушы Сақтанушы тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Сақтандырушыға сақтандыру төлемдерін төлеу туралы талап жібереді.

7. Сақтанушының, Сақтандырушының және Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңдарында, осы Ережеде және Сақтандыру шартында көзделген құқықтары мен міндеттері бар.

8. Сақтандырушының сұрау салуы бойынша «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсыну.

12-бап. САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТІ

1. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оларға келтірілген шығындарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

2. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оған зиянды өтеу туралы наразылық білдіруге себеп болуы мүмкін оқиға басталған кезде Сақтанушы міндетті:

1) кінә қоюға себеп болуы мүмкін оқиғаға байланысты шығындарды азайту үшін қалыптасқан жағдайда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды дереу қабылдауға;

2) тиісті мемлекеттік не ведомстволық органдарда оқиғаны құжаттамалық ресімдеуді қамтамасыз етуге;

3) ол білген сағаттан бастап есептегенде 3 (үш) күн ішінде Сақтандырушыны немесе оның өкілетті өкілін сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оған зиянды өтеу туралы наразылық білдіруге себеп болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы жазбаша хабардар етуге;

4) онымен одан арғы іс-қимылдарды келісуге, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш беруге.

3. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе Сақтанушыға зиянды өтеу туралы шағым беруге себеп болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы келісілген мерзімде хабардар етпеу Сақтандырушыға сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді. Сондай-ақ Сақтандырушы, егер сақтандыру оқиғасы бойынша құзыретті органдардың (құқық қорғау органдары, өрт қауіпсіздігі органдары, санэпидемстанция, апаттық қызметтер, экологиялық қызметтер, Төтенше жағдайлар министрлігі және т.б.) қорытындысы болмаса, сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

4. Сақтанушы сақтандыру жағдайы бойынша одан әрі барлық ақпаратты хабарлауға және Сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге міндетті.

5. Сақтанушы Сақтандырушыға оның сұрау салуы бойынша коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді қоса алғанда, сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді беруге міндетті.

6. Сақтанушы Сақтандырушыға (соңғысының талабы бойынша) сотқа дейінгі және сот тәртібімен шағымдарды реттеу кезінде Сақтанушының өкілеттігін беруге міндетті.

7. Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған іс-әрекеттер жасамауға, сондай-ақ Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз қандай да бір міндеттемелер қабылдамауға, жауапкершілікті мойындамауға, қандай да бір ұсыныстар қабылдамауға, төлемдер жасамауға және осы сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеуге міндетті.

13-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

1. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжат растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Сақтандырушының атына жіберілген Пайда алушының жазбаша хабарламасы болып табылады:

- 1) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы шарттың көшірмелері;
 - 2) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны туралы Сақтанушыға жіберілген хабарламалар, талаптар, наразылықтар, ескертулер;
 - 3) тауарды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру актілерінің көшірмелері, егер олар болған және Сақтанушы мен Пайда алушы қол қойған жағдайда;
 - 4) бар болған жағдайда қабылданған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін есеп айырысу бойынша салыстырып тексеру актілерінің көшірмесі;
 - 5) тіркелген және сақтандыру жағдайының басталу фактісін және болған кезде келтірілген залал сомасын растайтын құжаттар.
- 2.** Орын алған оқиға туралы неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында Сақтандырушы құзыретті органдардан (құқық қорғау органдары, өрт қауіпсіздігі органдары, санэпидемстанция, апаттық қызметтер, экологиялық қызметтер, Төтенше жағдайлар министрлігі және т.б.), оқиғаның басталу мән-жайлары туралы ақпараты бар кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан мәліметтерді сұратуға, сондай-ақ оның пайда болу себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға құқылы.
- 3.** Қажет болған жағдайда Сақтандырушының тапсырмасы бойынша оқиғаның басталу себептерін және залалдың мөлшерін айқындау жөніндегі жұмысты тәуелсіз сарапшылар, бағалаушылар, апаттық комиссарлар, сюрвейерлік ұйымдар орындай алады.
- 4.** Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттардың толық пакетін ұсынбаған жағдайда Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыны дереу, бірақ соңғы құжатты алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

**14-бап. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ.
ШЫҒЫНДАР МӨЛШЕРІН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІН
АЙҚЫНДАУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС
ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ**

- 1.** Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін Сақтандырушы мынадай іс-қимылдарды жүзеге асырады:
- 1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін анықтайды; Сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; салдарынан залал келтірілген оқиғаның туындау фактісі мен себептерін айқындайды; сарапшыларды, апаттық комиссарларды тарту қажеттігін айқындайды, өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асырады; оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.
 2. Сақтандыру жағдайының басталу фактісі Пайда алушының төлем деректемелерін, сондай-ақ осы Сақтандыру ережесінің 13-бабының 1-тармағында көрсетілген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, Пайда алушы жазбаша нысанда жіберген тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді Сақтанушының орындамауы не тиісінше орындамауы туралы талаптың негізінде анықталады.
 3. Сақтандыру төлемі Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады және одан аспауға тиіс.
 4. Егер сақтандыру жағдайы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде болса, сақтандыру төлемі жүргізіледі.
 5. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіз болып мыналар табылуы мүмкін:
 - 1) Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғадан залалды тиісті өтеуді алуы;
 - 2) Сақтандырушының сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруы;
 - 3) Азаматтық кодекстің 839-бабының 2-тармағында көзделген негіздер.

6. Пайда алушының/Сақтанушының моральдық залалы, ұтылған пайдасы, шығыны, айыппұлдары, тұрақсыздық айыбы, өсімпұлдары сақтандырумен өтелмейді.

15-бап. САҚТАНУШЫНЫҢ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ (СУБРОГАЦИЯ) ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАНДЫРУШЫҒА АУЫСУЫ

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушының жүзеге асырылған сақтандыру сомасы шегінде Сақтанушыға кері талап қоюға құқығы бар.
2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде Сақтандырушының сақтандыру нәтижесінде Сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы ауысады.
3. Сақтанушы Пайда алушы сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған Сақтандырушының өзіне ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

16-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

1. Шарт келесі жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі:
 - 1) Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанда;
 - 2) Азаматтық кодекстің 841-бабына сәйкес Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылғанда;
 - 3) Сақтандырушы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде орын алған сақтандыру жағдайы бойынша Шартта белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асырған жағдайларда.
 - 4) Сақтанушыны, Сақтандырылушыны және Пайда алушыны тиісінше тексеру жөнінде шаралар қабылдау мүмкін болмаған;
 - 5) іскерлік қатынастар КЖ және ТҚ мақсатында пайдаланылады деп пайымдауға негіз болғанда. Бұл жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға жазбаша хабарлау арқылы Сақтандыру полисін бұзуды жүзеге асырады
2. Егер Шартты мерзімінен бұрын тоқтату Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамаудан не Сақтандырушының Шартты орындауы мүмкін болмаған жағдайда, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын толық қайтаруға міндетті.
3. 1-тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша Шартты мерзімінен бұрын тоқтату кезінде. Сақтандырушының қайтарылуға жататын сыйақы сомасының процентімен әкімшілік шығыстарды шегергенде сақтандыру қолданылған уақытқа барабар сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқығы бар. Ұстап қалудың нақты мөлшері сақтандыру шартында көрсетіледі.
4. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату Сақтанушының оның талаптарын орындамауынан туындаған жағдайларда, төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтаруға жатпайды.
5. Шарттың тоқтатылуы Сақтандырушыны Шарттың қолданылу кезеңінде болған, кейіннен сақтандыру жағдайлары деп танылған сақтандыру жағдайлары бойынша Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша міндетінен босатпайды. Сақтандыру төлемін қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайы орын алған Шарт жасасқан Сақтандырушы жүзеге асырады.
6. Пайда алушының мұндай талаптары Шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап 3 (үш) жылдан кешіктірілмей Сақтандырушының атына жіберілуге тиіс.

17-бап. ҚОСЫМША ШАРТТАР

1. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша осы Ережеге сәйкес жасалатын Сақтандыру шартына қосымша талаптар (сақтандыру ескертпелері, анықтамалар, ерекшеліктер және т.б.) енгізілуі мүмкін.

2. Сақтандыру полисі сақтандыру арқылы қорғаумен келесі жағдайлардың нәтижесінде туындаған залалды немесе жоғалтуды өтемейді:

1) сақтандырылған мүліктің тәркіленуі, ұлттандырылуы, басып алынуы, ұсталып қалуы, қамауға алынуы, жойылуы, иеленіп алынуы, реквизициялануы, сондай-ақ кез келген үкіметтің (әскери, азаматтық немесе де-факто) немесе оның бұйрығы бойынша, не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының меншігіне алуы немесе пайдалануы нәтижесінде;

2) қандай да бір өзге талаптарға қарамастан, шарт бойынша сақтандыру келесі жағдайларға қолданылмайды, ал Сақтандырушы ешқандай төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға ешқандай қызмет көрсетпейді, егер мұндай сақтандыру өтелімі, төлем, сақтандыру төлемі немесе қызмет көрсету және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге де қызметі қолданылатын сауда немесе экономикалық санкциялар туралы заңнамалық немесе өзге де нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын бұзу болып табылса.

3. Тараптар келіседі, егер Сақтанушыға, оның үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне немесе контрагенттеріне қатысты АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC), Еуропалық Одақ немесе Ұлыбритания тарапынан Украинаның аумақтық тұтастығына, егемендігі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін немесе қауіп төндіретін әрекеттерге байланысты санкциялар және/немесе шектеулер қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Шартты мерзімінен бұрын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы, Шарт қарапайым жазбаша хабарлама жіберу арқылы бұзылған болып есептеледі. Сақтандырушы Сақтанушыға электрондық пошта немесе пошта арқылы Сақтандыру шартында көрсетілген мекенжайға хабарлама жіберген сәттен бастап Шарт бұзылған болып есептеледі.

4. Тараптар Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Ережелердің осы бабының 3-тармағына сәйкес Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде сақтандыру арқылы қорғаудың пайдаланылмаған кезеңіне барабар қайтаратынымен келіседі.

5. Тараптар Сақтанушының, оның үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты Украинаның аумақтық тұтастығына, егемендігіне және тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін немесе қауіп төндіретін іс-әрекеттерге қатысты шектеуші шаралар туралы OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания санкцияларын және/немесе шектеулерін қолданған жағдайда Сақтандырушы санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейінгі оқиғаларды қоса алғанда, Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтындығымен келіседі.

6. Тараптар Ереженің осы бабының 3-тармағына сәйкес Шартты біржақты бұзған кезде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемін төлемеген кезде Сақтандырушы тұрақсыздық айыбын төлемейтіндігімен және Сақтанушыға/Сақтандырылушыға/Пайда алушыға қандай да бір шығындарды өтемейтіндігімен келіседі.

18-бап. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

1. Тараптардың Шарттың ережелерімен реттелмеген өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттеледі.

2. Шарт бойынша Тараптар арасында туындайтын барлық даулар келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

3. Тараптар келісімге қол жеткізбеген келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

19-бап. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Шартқа қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады және егер олар жазбаша нысанда жасалса және екі Тарап та қол қойған жағдайда ғана заңды күші болады.
2. Тараптар «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын, оның ішінде қажетті құжаттарды, мәліметтерді, растауларды ұсыну арқылы орындайды.
3. Шарттың шарттарында көзделмеген қалған өзара қарым-қатынастар Азаматтық кодекспен реттеледі.
4. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде 3 (үш) данада және Пайда алушы үшін бір данада жасалды.
5. Тараптардың ешқайсысы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін екінші Тарап пен Пайда алушының жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа беруге құқылы емес.
6. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, бір-біріне берілетін ақпараттың және қол жеткізілген уағдаластықтардың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.